

Железин ауданы халқының нысаналы топтарындағы жұмыссыздарды жұмыспен қамту саласында әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 22 қарашадағы N 467/10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 желтоқсанда N 3630 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 03 сәуірдегі № 86/4 қаулысымен (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 03.04.2015 № 86/4 қаулысымен (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағына сәйкес Железин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:
 - 1) бір жылдан аса жұмыс істемеген тұлғалар;
 - 2) дәрігерлік консультативтік комиссиясының анықтамалары бойынша еңбек етуде шектеулігі бар тұлғалар;
 - 3) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастағы жастар;
 - 4) еңбек өтілі жоқ, жасы жиырма тоғыз жастан асқан тұлғалар;
 - 5) жасы елу жастан асқан тұлғалар.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Абушахманов